

ЖАС ОҚЫТУШЫЛАР МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Негізгі ережелер

1. Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мен жүзеге асыру ережесіне (ҚР БҒМ 2007 жылдың 29 қарашасындағы №583 бұйрығы) сәйкес әзірленген, сонымен қатар, Жас оқытушылар мектебі қызметін және ұйымдастырылу тәртібін анықтайды.

2. Жас оқытушылар мектебі университеттегі педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесінің құраушы бөлігі болып табылады.

Жас оқытушылар мектебі жұмысының мақсаты – педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру, оқытушыларға оқу сабақтарын дайындау және өткізуге, оқу-әдістемелік материалдарды және аудиториядан тыс іс-шараларды әзірлеуге көмек көрсету.

Міндеттері:

- жас оқытушылардың кәсіби құзыреттерін дамыту;
- жас оқытушылардың университеттегі педагогикалық қызметке бейімделу үдерісін жылдамдату;
- өзін-өзі кәсіби жетілдіру үшін жағдай жасау: ғылыми-әдістемелік деңгейін жоғарылату, педагогикалық шеберлігін арттыру;
- жас оқытушылардың кәсіби қалыптасу жүйесін құру;
- жоғары мектеп жағдайында жас оқытушылардың кәсіби өсуі мен тұлғалық дамуына қолдау көрсету;
- тәжірибелі және жас оқытушылардың бірлескен педагогикалық қызметінде өнімді өзара байланысты қамтамасыз ету;
- Қазақстандағы және шетелдегі жоғары кәсіби білім берудің даму тенденцияларымен, білім беру жүйесі қызметінің құқықтық және нормативтік негіздерімен таныстыру;
- жоғары кәсіби білім берудің инновациялық аймағында білімді дамыту және өзектендіру;
- жас оқытушыларды ЖОО педагогикалық қызметтегі тәжірибелік дағдыларға баулу, дәстүрлі және жаңа педагогикалық технологияларды игерулеріне жағдай жасау;
- тәжірибелі доценттер мен профессорлардың педагогикалық шеберлігін кеңінен тарату (насихаттау);
- оқу үдерісіндегі кәсіби, әдістемелік мәселелерді анықтау, оларды шешуде жас оқытушыларға көмек көрсету.

2. Жұмыс бағыттары

3. Оқытудың мазмұнын, формасын, әдістерін және құралдарын жетілдіру бойынша жас мамандардың жұмысын ұйымдастыру.

4. Жас оқытушыларға жетекшілік ететін тәлімгерлердің тәжірибе беру формасы ретінде ашық сабақтарын талдау.

5. Оқу бағдарламалары, силлабустар, пәннің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеуде көмек көрсету.

6. Жаңа педагогикалық технологиялар және заманауи тәсілдерді оқу үдерісіне енгізуде жас оқытушыларға көмектесу.

7. Қазіргі заманғы білім беру мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және өткізу.

8. Әдістемелік семинарлар, мастер-кластар, көрмелер, конференциялар өткізу.

9. Оқу сабақтарына мақсатты түрде өзара қатысу, нәтижелерін талдау.

10. Ашық сабақтардағы жұмыс тәжірибесін практикамен байланыстыра отырып баяндау және жеткізу.

11. Жаңа әдістемелік әдебиеттермен танысу және зерделеу.

12. Әдіскермен жеке және топтық кеңестер.

3. Жұмыстың ұйымдастырылуы

13. Жас оқытушылар мектебінің құрамына жас оқытушылар (жұмыс өтілі 5 жылға дейін), олардың тәлімгерлері, факультеттердің әдістемелік бюро төрағалары мен төрайымдары кіреді.

14. Жас оқытушылар мектебіне академиялық мәселелер жөніндегі департамент оқу-әдістемелік басқармасына қарасты әдістемелік бөлімнің басшысы жетекшілік етеді.

15. Мектеп жұмысын үйлестіру және құжаттарды жүргізу үшін жетекшінің орынбасары және хатшы тәлімгерлер мен мектеп тыңдаушыларынан тағайындалады.

16. Жас оқытушылар мектебіндегі сабақ екі айда бір рет өткізіледі.

17. Сабақтың өту формалары:

- Теориялық семнарлар;
- Нұсқау-әдістемелік мәжілістер;
- практикумдар, мастер-класстар, тренингтер;
- дөңгелек үстел, пікірталас;
- ашық сабақтар;
- жеке кеңес беру.

18. Жас оқытушылар мектебінің қызметін бақылау университеттің ғылыми-әдістемелік кеңесінде жүзеге асады.

4. Құқықтары мен міндеттері

19. Жас оқытушылар мектебі тыңдаушыларының құқықтары:

- пәнді оқыту мәселелері бойынша мамандардан көмек алу;
- сабақ беруде қажет болған сұрақтар бойынша жекелей кеңес пен көмек алу;
- мектеп қызметін жетілдіру бойынша жұмыс жоспарына ұсыныстар енгізу;
- жас оқытушылар мектебінің жұмысына қатысқаны туралы сертификат алу;

20. Жас оқытушылар мектебінің тыңдаушыларының міндеттері:

- мектеп сабақтарына тұрақты қатысу;
- мектептің жеке жұмыс жоспарын орындау.

21. Жас оқытушылар мектебінің тәлімгерлерінің міндеттері:

- оқытылатын пәннің оқу бағдарламалары мен пәннің оқу-әдістемелік кешенін құрастыру барысында көмек көрсету;

- аудиториялық және зерттеу-тәжірибелік сабақтарына дайындалуға көмек көрсету;
- жас оқытушылардың сабағына қатысу және олардың сабақ жүргізуін талдау;

жас оқытушының өздігінен білімін көтеруге көмектесу.